



ЕҢ ҮЗДІК СЕРЖАНТТЫ АНЫҚТАЙТЫН XV БҮКІЛАРМИЯЛЫҚ БАЙҚАУ

«Мен сияқты істе, менен де жақсы істе» ұранымен өтетін кіші командирлер арасындағы жалпыармиялық турнир Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Шоқан Уәлиханов атындағы әскери колледжінің «Амандық» оқу орталығында ұйымдастырылуда.

Бұл – Қарулы күштер аясындағы сержанттар құрамының рейтингін анықтауға бағытталған жыл сайынғы сайыстың үшінші кезеңі. Алғашқы екі кезең әскери бөлімдер мен өңірлік қолбасшылықтар, әскер тектері, ҚР ҚК бас басқармалары мен басқармалары деңгейінде өткізілді.

Сержанттар – әскери бөлімдердің тірегі. Себебі кіші командирлер жауынгерлердің күнделікті қызметіне басшылық

жасап, олардың тәрбиесі мен тәртібін қамтамасыз етеді, сондай-ақ сарбаздар мен офицерлер арасындағы дәнекер буын болып саналады. Сондықтан мұндай спорттық және әскери-қолданбалы жарыстардың басты мақсаты – жеке құрамды даярлаудың заманауи әдістерін қалыптастыру.

– Сержант – командирдің бірінші көмекшісі. Байқаудың Шоқан Уәлиханов атындағы әскери колледжде өткізіліп жатқаны да кездейсоқтық емес. Өйткені дәл осы

оқу ордасы болашақ кіші командирлерді даярлайды, – дейді Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің бас сержанты шебер-сержант Темірбек Халықов. – Жеңімпаздар арнайы сертификаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Ең бастысы, олар жоғары лауазымға көтерілетін артықшылыққа ие болады.

Байқаудың басты міндеті – Қарулы күштер арасынан ең үздік сержанттар мен старшиналарды анықтау, олардың жауынгерлік даярлықты қамтамасыз етудегі білімдері мен тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге бағытталған тиімді әдістерді әскери оқу жүйесіне енгізу. Мұндай жарыстар кіші командирлер арасында үздіктердің

жетістіктерін насихаттап, алдыңғы қатарлы тәжірибені әскерге кеңінен таратуға жол ашады.

Бүкілармиялық деңгейде өтіп жатқан үшінші кезең аясында «Айбын» әскери-спорттық сайысы, «Бағдар» әскери топографиядан бәсеке, «Жәрдем» тактикалық медицинадан

жарыс, «Қайсар» әскери-кәсіби тапсырмасы өтеді. Сонымен қатар, сержанттар «Білімпаз» тестін тапсырып, атыс шебінде мергендігін көрсетеді, тактикалық дайындық бойынша білімдерін дәлелдейді және қоян-қолтық ұрыстан шеберліктерін сынайды.



БҰЛ НОМЕРДЕ:

ӘСКЕРИ ҮШСАЙЫС ЧЕМПИОНАТЫНДА
ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

ӘСКЕР ТҮНЫСЫ



4-бет

ОПОРА АРМИИ



ВОИНСКАЯ СЛУЖБА

7 стр.

ЛИЧНОСТЬ



ОПЫТ НЕ УХОДИТ В ЗАПАС

8-9 стр.

СПОРТ



ЕКІ ДҮРКІН АЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

12-бет





ГОТОВНОСТЬ НОМЕР ОДИН



По тревоге были подняты соединения и воинские части региональных командований «Запад» и «Восток», приведенные в полную боевую готовность. В маневрах задействовано свыше трех тысяч военнослужащих и более одной тысячи единиц вооружения и военной техники, включая самолеты, вертолеты и беспилотные летательные аппараты. Учение проводится в четыре этапа.

На первом этапе военнослужащие отработали действия при объявлении тревоги, совершили марш комбинированным способом в назначенный район и приступили к выполнению учебно-боевых задач. Практические действия будут проходить в дневное и ночное время в условиях ведения оборонительных и наступательных операций с учетом

применения беспилотных систем.

В ходе учения отрабатывается взаимодействие различных родов войск, совершенствуются навыки организации в управлении, отрабатываются вопросы логистики,



На западе Казахстана начался первый этап двустороннего оперативно-стратегического командно-штабного учения «Айбалта-2025».

Тактической связи и маневренности подразделений в сложных климатических условиях.

Основные цели учения - повышение слаженности органов военного управления, совершенствование методики ведения современного боя, а также апробация новых способов организации боевой работы. Учение «Айбалта-2025» продлится до 3 октября текущего года.



СОХРАНИТЬ ГЕРОИЧЕСКУЮ ПАМЯТЬ

Личный состав Национального университета обороны РК почтил память Героя Советского Союза, Халық қаһарманы, первого министра обороны Казахстана генерала армии Сагадаты Нурмагамбетова.



В Вооруженных Силах Казахстана стартовали специальные учения войск связи, которые продлятся до 22 сентября в рамках Плана подготовки на 2025 год.

ТАКТИКА, СКОРОСТЬ, СИГНАЛ



Маневры проходят под руководством начальника Департамента связи Генерального штаба ВС РК полковника Асана Акишева. Их главная цель – проверить готовность органов управления, частей и подразделений связи оперативно обеспечивать войска эффективной и надежной связью в условиях конфликта средней интенсивности.

К учениям привлечены органы управления и подразделения связи Генштаба, исследовательские группы Национального

университета обороны и Военно-инженерного института радиоэлектроники и связи. Во взаимодействии участвуют специалисты центральных госорганов, других войск и воинских формирований, Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности, акиматов ряда областей, а также операторы связи и подразделения силовых структур.


- Участники учений отработают алгоритмы действий органов управления и подразделений с целью

приведения войск связи в полную боевую готовность, - отметил полковник Асан Акишев. - Будет выполнена задача по организации и обеспечению связи в условиях конфликта средней интенсивности.

В ходе практических действий связисты совершенствуют навыки развертывания узлов и линий связи, исследуют новые способы их организации, а также повышают слаженность в управлении. Учения призваны укрепить взаимодействие с государственными

органами и операторами связи, а также выработать у личного состава высокие морально-психологические и профессиональные качества.

Особенностью учений стало совершение марша полемым узлом связи «Жиналыс» из населенного пункта Жалтырколь в условный пункт боевого предназначения - поселок Шубары Акмолинской области. Также проверяется исправность оборудования и качество обмена информацией с учебными полигонами в разных регионах страны.



По установившейся традиции руководство университета, профессорско-преподавательский состав и магистранты 1 курса факультета «Академия Генерального штаба Вооруженных Сил» имени генерала армии С. К. Нурмагамбетова, а также члены семей военнослужащих приняли участие в церемонии возложения цветов к памятнику прославленного полководца в районном центре Акколь Акмолинской области.

На митинге начальник Национального университета обороны РК генерал-майор Аскар Мустабеков подчеркнул особую роль полководца в формировании казахстанской государственности, становлении национальной армии и военно-патриотическом воспитании молодежи.

Завершилось мероприятие посещением местного музея, в экспозиции которого представлены уникальные фотоматериалы и документы, отражающие жизненный путь, военную службу и государственную деятельность генерала армии Сагадаты Нурмагамбетова.

Участие магистрантов факультета «Академия Генерального штаба Вооруженных Сил» в памятном мероприятии стало ярким подтверждением преемственности воинских традиций и значимости сохранения памяти о выдающемся полководце.



ЕЛ БОЛАШАҒЫ – ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЛІК САБАҒЫ

Қазіргі таңда елімізде Қорғаныс министрлігінің ұйымдастыруымен әскери-патриоттық тәрбие жұмысы қарқынды жүргізілуде, республикамыздағы орта мектептерде аға буын – соғыс және Қарулы Күштері ардагерлері, әскери қызметшілер ерлік сабақтарын өткізіп, жастармен және мектеп оқушыларымен кездесуде.

Бұл іс-шаралардың мақсаты – жастарымызға жоғары патриоттық сананы, мемлекетті қорғау жөніндегі конституциялық міндеттерді орындауға әзірлікті қалыптастыру, өскелең ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарға мақтанышпен, зор құрметпен қарау сезімін дамыту және тарихи тұлғалар мен батырлардың ерліктерін танымал ету.

2025 жылдың 8 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев өз Жолдауында ел болашағы – жастардың бойында патриотизмді қалыптастыру мәселесін де айтып кетті.

«Өскелең ұрпақтың бойындағы патриотизм – болашаққа деген шынайы ұмтылыс. Олар үшін патриотизмнің басты көрсеткіші – жасампаздық пен жаңашылдық.

Жастарды қолдау өте маңызды, өйткені олар Қазақстанның болашағын қалыптастырады.

Қазіргі бұлыңғыр заманда ең басты міндет – еліміздің егемендігін, жеріміздің тұтастығын нығайту», – деді ел Президенті.

Осы күрделі де және маңызды әскери-патриоттық жұмыстардың аясында Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорғаныс университетінің бастығы генерал-майор Асқар Досбосынұлы Мұстабековтың қолдауымен Астана қаласы және еліміздің басқа да өңірлерінде орналасқан оқу орындарда университеттің профессорлық-оқытушы құрамы, магистранттар жастармен кездесіп, ерлік сабақтарын белсенді жүргізуде. Соның бірі 2025 жылдың 12 қыркүйегінде Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданының



180-жылдығына орай аудан орталығында орналасқан төрт мектептің 10-11 сынып оқушыларымен ерлік сабағы өткізілді.

Жастармен кездесуге Ырғыз ауданының тумалары, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорғаныс университетінің қызметкерлері, Қарулы Күштердің ардагерлері, запастағы полковниктер Қайрат және Қайсар Мұғаловтар қатысты.

Іс-шара Ырғыз ауданының әкімі Нұрлан Қызбергенов, Ы.Алтынсарин атындағы мектеп директоры Венера Машинаның қолдауымен ұйымдастырылды. Сондай-ақ, оған ауданның білім беру бөлімінің бастығы Д.Ысқақов, мектеп директорлары

мен мұғалімдер қатысты.

Ерлік сабағы шеңберінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері және әскери оқу орындары туралы бейнероликтер көрсетілді. Қазақстан әскерінің тарихы, даму кезеңдері, бүгіні мен ертеңі, оның қазіргі жағдайы айтылды. Ұлы Отан соғысында көрсеткен қазақстандықтардың ерлігі туралы да сөз болды.

«Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» концепциясы аясында жастардың бойында отансүйгіштік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, сонымен қатар қазіргі ақпараттық, идеологиялық жаһандану жағдайындағы жастарға теріс әсері бар мәселелер де тыс қалған жоқ.

ҚР ҚК Ұлттық әскери-патриоттық орталығының бастығы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері А.Асеновтың атынан 10 үздік оқушы грамоталармен марапатталды. Сабақ барысында ҚР Қарулы Күштері туралы викторина жүргізілді, жеңімпаздарға сыйлақтар тапсырылды.

Іс-шара патриоттық әнмен және естелік суретке түсумен аяқталды.

**Запастағы полковник
Қайрат МҰҒАЛОВ,
ҚР Ұлттық Қорғаныс
университеті Бас штаб
академиясы факультетінің
мемлекеттік және әскери
басқару кафедрасының доценті**

ОТАН ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ОЛЖАС

Бәлкім, бұл Олжас дүниеге келгенде жас нәрестені аялаған ата-анасы "...осы дүниеге келген ұлымыз барша ел танитын, Семей полигонын жабу ісінде асқан белсенділік танытқан ақын Олжас Сүлейменов ағамыздай болсын" - деп, сол ақын ағамыздың есімін берген болса керек?! Дәл қазіргі таңда сол Олжас есімді қазақ азаматы "Астана" өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің 06708 әскери бөлімінде қызмет етеді. Осы әскери ортадағы 2-ші Реактивті артиллериялық дивизионы командирінің Тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары лауазымындағы майор Абенов Олжас Кеңесбекұлы өзіне берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындап, Абеновтер отбасы жеке құрам арасындағы ең үлгілі отбасылардың бірі болып саналады.

Өмірден Отан қорғау қызметін таңдаған Олжас Абенов 1993 жылы қыс мезгілінің 12 қаңтары күні Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында қарасты Шілікті ауылында дүниеге келген. Жеті жасында мектеп табалдырығын алғаш аттаған Олжас он бір жыл бойы білім алған білім ошағын 2011 жылы табысты аяқтайды.

Әкесі Кеңесбек Зейноллаев бүгінгі күнде Шілікті ауылында мал дәрігері болып еңбек етсе, анасы Зәуре Асқарқызы ауылдық мектептің шаруашылық қызметін атқарып жүр. Отбасының үлкені болып саналатын әпкесі Мөлдірден кейін ер жеткен Олжас кішкентайынан әскери адам болуды армандайды.

2011 жылы мектепті табысты аяқтаған албырт сезімдегі жас түлек Алматы қаласының Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институтына Тәрбие құрылымының офицері мамандығы бойынша оқуға түседі. Осы аталған әскери оқу орнын 2015 жылы тәмамдаған лейтенант Олжас Абенов әскери қызметін Өскемен қаласында орналасқан Құрлық әскерлері "Шығыс" өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің 27943 әскери бөлімінде бастап, 2018 жылға дейін қызмет атқарады. 2018-2024 жылдары аралығында Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институтында рота командирінің Тәрбие және

идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары, рота командирі сынды жауапты қызметтерді атқарады. 2024 жылы Құрлық әскерлері Бас қолбасшысының бұйрығымен Қарағанды облысының Приозерск қаласында орналасқан "Астана" өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің 06708 әскери бөліміндегі 1-ші Реактивті артиллериялық дивизионы командирінің Тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары лауазымдық қызметіне тағайындалады. 2024 жылы Түркістан облысының Шымкент қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің педагогика және психология мамандығы

бойынша магистратураны бітірген.

Бүгінгі күнде әскери отбасында Олжас Кеңесбекұлы жұбайы Аяужанмен бірге 1 қыз және 1 ұлға тағылымды тәрбие беріп келеді. Әскери шендегі Олжастың өмірлік жары Аяужан Рашидбекқызы Приозерск қалалық ауруханасында дәрігер болып еңбек етеді. Жанұяның үлкені Кеңесбек Айбибі Олжасқызы биыл мектеп табалдырығын алғаш рет аттаса, екіншісі Кеңесбек Ербатыр Олжасұлы балабақшада тәлім-тәрбие алып жүр.

Айта кету керек, "ағасы бардың – жағасы бар" демекші, ағасының әскери өмір жолын қуған Олжас Кеңесбекұлының інісі Мағжан Абенов те осы биыл Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институтын тәмамдап, әскери қызметін Алматы қаласындағы десанттық шабуылдаушы 61993 әскери бөліміндегі взвод командирі лауазымынан бастап кетті.

Басқаларға да үлгі боларлық әскери шендегі Олжас Абеновтің отбасына тек шаттық пен қуаныш тілейміз!

Думан ЖҰМАШҰЛЫ



Нағыз жауынгер – ел қорғаны

Міне, әскерге келгелі қару ұстап, сапқа тұрып, жауынгерлік кезеңімізді бастан өткеріп жатырмыз. Күні кеше «Жауынгерлік достастық - 2025» оқу-жаттығуына қатысып, әзірлігімізді күшейттік. Біз өзіміздің 44803 әскери бөлімінде алған біліміміз бен машығымызды сондай оқу-жаттығуларда іс жүзінде қолданып жүрміз. Бұл біз үшін үлкен тәжірибе әрі жауапкершілік.



Осы орайда әскери бөлім командиріне және тікелей командирлеріме ерекше алғысымды айтамын. Олар бізді бейбіт күннің өзінде үздіксіз оқытып, жауынгерлік техникада машықтандырып, нағыз жауынгер ретінде шыңдап келеді. Осындай дайындықтың арқасында біз Отан алдындағы борышымызды абыроймен орындаймыз деген сенімім бар.

Қатардағы жауынгер Мырзабосын СЕРІКУЛЫ



ОТБАСЫМА ХАТ!

Сәлеметсіздер ме, анашым, әкешім, ағам, әпке-қарындастарым?! Қалайсыздар? Денсаулықтарыңыз жақсы ма? Бұл – сіздердің сүйікті ұлдарыңыз Икром. Кеудемде сағыныш кернеп, содан хат жазып отырмын.

Ал енді әскери өмірімді баяндасам, әскерге келген алғаш айдың қиын болғаны рас. Азанда тұру, әскери тамақ, ұйқы қанбай, тәтті-ащы жегіміз келіп, біраз дел-сал күйге түскеніміз бар еді. Келгенімізге екі күн болғанда барлығымыз саптық алаңға шығып сапта жүруді үйрене бастадық. Басында үйренісе алмай, аяқ алысымыз дұрыс болмады. Оны біртіндеп қалыпқа келдірдік. Ант қабылдағаннан кейін оған оңай үйренісіп кеттік. Таңертең тұрып, таңға асқа барып, саптық жүріс, жауынгерлік дайындық дағдыға айналды.

Сонымен қоса, түрлі шаралар да ұйымдастырылып тұрды. Ондайда кәдімгідей серпіліп, көңіл-күйіміз жақсарып қалады. Әсіресе, осы жақта қатарластарыммен қарсы алған жаңа жыл есімнен кетпейді. Жүз сарбаз казармада түрлі тағамдар дайындап, бәріміз жаңа жылды бір кісідей қарсы алдық. Осы бір сәт көбіміздің көкейімізде естелік боп қалғаны анық.

Міне, менің әскерде қызмет етіп жатқаным 10 айдай уақыт



өтті. Осы мерзім ішінде көптеген нәрселерді үйрендім. Тазалық сақтауды, үстіміздегі киім-кешекті, аяқ киімді таза ұстауды көңілге тоқыдым.

Әр ұлттан болсақ та, бір үйдің баласындай тату-тәтті жақсы кезеңдерді өткердік. Ауызбіршіліктің арқасында қиындықтарды жеңдік, достыққа, сыйластыққа қол жеткіздік. Әртүрлі тәуліктік кезекшілікке түсіп, уақыттың қалай зымырап өткенін білмей қалдық. Міне, үйге қайтуыма бір-екі айдай уақыт қалды. Сіздермен тезірек қауышсам деген ниетім бар. Құдай қаласа, ол күнге де жетеміз. Оған дейін мені уайымдамаңыздар. Денсаулығым жақсы, көңіл-күйім керемет. Аmandықта жүздескенше, аман-есен болыңыздар!

Сәлеммен: ұлдарыңыз, қатардағы жауынгер Икром ИРИСМАТОВ

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫНДЫ ТІК

Мен, қатардағы жауынгер Серікжан Аңсар, Қытай Халық Республикасының Іле Қазақ автономиясында дүниеге келдім. Елге жылы көшіп келдік. Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Шарбақты ауылына қоныстандық. Алғашында жаңа жер, жаңа орта оңайға соқпағанын мойындаймын. Алайда менің жүрегімде тарихи Отаныма деген махабатым бәрінен жоғары тұрды. Бүгінгі таңда келгенімізге біршама уақыт болыпты. Келгенде жатырқау болған жоқ. Ауылдастарымның бізді зор қошеметпен қарсы алғаны әлі күні есімде. Қазақ халқы сөздің төркінін дөп басып айтатынын

ескерсек, «өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген осынау ұлағатты сөз жадымда қалып қойыпты.

Елге келген сәттен бастап тез үйренісіп кеттік. Себебі адам баласы өз қанына тартып тұрады. Емін-еркін сөйлесіп, арқа-жарқа болып, араласып құраласқанға не жетсін. Оқу табалдырығын аттаған сәттен бастап, бітіргенше өзімнің ана тілімде білім алып, кеудемді қуаныш сезімі кернеген сәттің куәгерімін. Содан менде өзімнің түпкі санамда ой болды. Елде тұрады екенмін, елім үшін игі іс атқаруды шештім. Себебі ер жігіт – өз отбасының, елінің, жерінің қорғаны. Осы орайда әскерге шақыру келгенде ерікті түрде өзімнің Отан алдындағы борышымды өтеуге бекініп, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Өуе Қорғаныс Күштері

Өуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің Семей қаласындағы 31767 әскери бөліміне қарасты Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Күршім ауылындағы 31767 «В» әскери бөліміне түстім.

«Мен, Қазақстан Республикасының азаматы Серікжан Аңсар Қарулы Күштердің қатарына кіре отырып, ант қабылдаймын және Қазақстан халқы мен оның заңды сайланған Президентіне ақтық демім қалғанша адал болуға, өзімнің егемен мемлекетімнің Конституциясы мен заңдарын қастерлеп сақтауға салтанатты түрде ант етемін» деген сөзді тағы бір қайталап өткім келеді. Себебі мен – өз елімнің жалындаған ұланымын. Мен сияқты қандастарды сыртқа теппей, құшағына алып, жағдайын жасаған елге өле-өлгенше қызмет ету

«БІРТҰТАС ЕЛ – БІРТҰТАС ЖЕР!»



азаматтық парызым. Барша отандастарымды әскерге барудан қорықпай, әскерден қашпай Отан қорғау ісіне

бір кісідей жұмыла кірісуге шақырамын.

Қатардағы жауынгер Аңсар СЕРІКЖАН

Бетті жүргізуші
Рима ӘБЕУОВА,
+7-771-373-63-35,
blalkizirima@mail.ru



ӘСКЕРИ ҮШСАЙЫС ЧЕМПИОНАТЫНДА ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

«Астана» өңірлік қолбасшылығының «Спасск» оқу-жаттығу орталығы базасында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің XXII Спартакиадасы аясында әскери үшсайыс чемпионат өтті. Бұл жарысқа еліміздің барлық әскери құрылымдары мен өңірлік қолбасшылықтарынан, сондай-ақ жоғары әскери оқу орындарынан 14 команда қатысты. Әр команда құрамында үш әскери қызметші болды.

Әскери үшсайыс үш кезеңнен тұрды: Калашников автоматын дәлдеп ату, граната лақтыру (қашықтыққа) және 400 метрлік қашықтықты қамтитын кедергілер жолағынан өту.

- Әскери үшсайыс чемпионаты – жай ғана спорттық шара емес, бұл әскери шеберлік пен

жігерді қалыптастырады, – деді ҚР Қорғаныс министрлігінің Орталық спорт клубы төрағасының орынбасары, подполковник Мирхат Химеденов.

Үш күнге созылған жарыста қатысушылар төзімділік, дәлдік, шапшаңдық және үйлесімді әрекет ету



тәртіптің көрінісі. Мұнда өз бөлімдерінде іріктелген ең үздік сарбаздар мен офицерлер бақ сынады. Мұндай жарыстар тек мықтыларды анықтап қана қоймай, әскери қызметшілер арасында командалық рухты, табандылық пен жеңіске деген

дағдыларын көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша бірінші орынды Десанттық-шабуылдаушы әскерлерінің командасы жеңіп алды. Олар жоғары дайындық деңгейін және шынайы әскери кәсібилікті паш етті. Екінші орынды «Шығыс»

өңірлік қолбасшылығының командасы иеленсе, үздік үштікті «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының өкілдері түйіндеді. Олар соңғы сәтке дейін шыдамдылық пен жауынгерлік мінез көрсете білді. Жеңімпаздарға құрмет грамоталары, жалаушалар, медальдар және кубоктар табысталды. Ұйымдастырушылар қатысушыларды дайындаған жаттықтырушылар мен командирлерге ерекше алғыстарын білдірді.

- Бұл чемпионаттағы жеңіс – ұзақ уақыттық қажырлы жаттығулардың, темірдей тәртіптің және нағыз командалық бауырластықтың нәтижесі. Әр кезеңге шыққанда, біз өзіміздің бөлімімізді, жолдастарымызды, командирімізді жерге қаратпауымыз керек деп ойладық. Бұл жеңіс біз үшін ерекше маңызға ие, – деп бөлісті чемпионат жеңімпазы, ДІШӨ қолбасшылығы басқармасының дене даярлығы бөлімінің бастығы, капитан Мұхаммад-Әли Байболат.



Чемпионат әскери қызметшілердің кәсіби шеберлігін арттырып қана қоймай, олардың физикалық төзімділігі мен моральдық

тұрақтылығын нығайтуда спорттық дайындықтың қаншалықты маңызды екенін тағы бір дәлелдеді.

ӘСКЕРИ ТЕХНИКАНЫ ӨЗІРЛЕУ БАРЫСЫ

«Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінде қару-жарақ пен әскери техниканы қысқы пайдалану мерзіміне көшіру жөніндегі жұмыстар қарқынды жүруде.

Аталған іс-шара нақты қойылған талаптар мен нормаларды сақтай отырып, жеке құрамға қауіпсіздік шараларының ережелерін жеткізу, қызмет көрсетудің тәртібі мен қысқы кезеңде техникаларды пайдалану ерекшеліктерін түсіндіру

жұмыстарымен басталған болатын.

Бөлім командирінің қару-жарақ жөніндегі орынбасарының подполковник Ерлан Рапилбековтың айтуынша, қару-жарақ пен әскери техникаларды қысқы кезеңге көшіру

кезінде басты салмақ барлық дәрежедегі командирлер мен әскери бөлімдегі дивизион командирлерінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасарларына артылады.

Ауа райының қолайсыз қатаң уақытына қарай әскери қызметшілер төмен салқындатқыш сұйықтықтарды, сүзгіш элементтерді және тозған техниканың резеңке бұйымдары мен майларды ауыстыруы, тораптар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсетуі қажет. Жауынгерлік машиналар паркінің аумағында тиісті тәртіппен қоймалар мен көлік тұрақтарына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Әскери бөлімге қарасты

барлық бөлімшелер қосалқы бөлшектермен, қажетті құралдармен және жанар-жағармайдың басқа да түрлерімен жабдықталған.

Әскери бөлімнің жауынгерлік машиналар паркінің аумағындағы атқарылып жатқан жұмыстардың жоспарлы түрде жүзеге асуын бақылауға келген бөлім командирі подполковник Дамир Шарипов бөлім жеке құрамының қару-жарақ пен әскери техникаларды қысқы кезеңге көшіру ауыстыру кезіндегі жұмыстарына жоғары баға берді.

Қару-жарақ пен әскери техникаларды қысқы кезеңге көшіруге жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берген подполковник Дамир Шарипов:

«Біздің әскери бөлімге тиесілі барлық қару-жарақ пен әскери техникалар ақаусыз, кез келген ауа райына дайын болуы керек.

Жыл сайынғы еліміздің барлық жеріндегі Қарулы Күштерге тиесілі әскери бөлімдердегі жоспарға сай өтетін қысқы кезеңге ауыстыру жұмыстарының маңыздылығы өте зор.

Себебі, жұмыс барысында техникалар толықтай тексеріліп, анықталған ақаулары қалпына келтіріледі. Қару-жарақ пен әскери техникаларды жақсы жағдайда ұстау – біздің басты міндетіміз!», – деп, өзінің көкейдегі ойын жеткізді.

Думан ЖҰМАШҰЛЫ





В АТМОСФЕРЕ ПОДДЕРЖКИ И ДОВЕРИЯ

В Национальном университете обороны Республики Казахстан состоялась информационно-разъяснительная встреча с супругами военнослужащих контрактной службы.

В мероприятии приняли участие начальник военного вуза, представители юридической службы, а также психологи и сотрудники отдела по организации работы с членами семей военнослужащих.

– Поддержка семьи военнослужащего – неотъемлемая часть морально-психологической устойчивости армии. Такие встречи помогают решать важные вопросы и создают



атмосферу доверия и взаимопонимания, – отметил начальник Национального университета обороны генерал-майор Аскар Мустабеков.

Основной целью встречи стало разъяснение положений нового закона «О жилищных выплатах». Кроме того, особое внимание было уделено вопросам психологического благополучия в семьях. В рамках мероприятия проведены беседы и тренинги, направленные на профилактику конфликтов и формирование благоприятного морально-психологического климата.

Каждой участнице вручены памятки «Супруге военнослужащего в неординарных ситуациях». Также были заполнены индивидуальные листы бесед, что позволило получить более полную информацию о потребностях и особенностях семей военнослужащих.

Теплая и доверительная атмосфера встречи способствовала открытому диалогу, обсуждению актуальных вопросов и обмену личным опытом. Участницы отметили практическую пользу и важность подобных мероприятий.

ГОТОВНОСТЬ К СЛУЖБЕ

Финал республиканской военно-спортивной игры «Алау» собрал более 180 юных патриотов из 20 регионов страны. Соревнования прошли в Спаске Карагандинской области.

Два дня школьники демонстрировали не только физическую подготовку и знание военного дела, но и умение работать в команде, выдержку и стремление к победе.

Игра проходила в шести номинациях. Среди них: смотр-конкурс инсценированной патриотической песни о ВОВ «Сердце, к подвигу прикоснись», защита

исследовательского историко-краеведческого проекта, строевая подготовка и песни, разборка и сборка автомата АК-74 и спортивные нормативы.

Карагандинскую область представляли две команды – «Жас кырандар» общеобразовательной школы № 91 и «Жас ұлан» школы имени Н. Абдирова. Юные карагандинцы показали высокие результаты в

нескольких номинациях. Так, в конкурсе «Строевая подготовка и песни» первое место заняла команда «Жас Ұлан» из Караганды, а в дисциплине «Разборка и сборка автомата АК-74» лучшими стали ребята из «Жас кырандар».

– У нашей команды была очень хорошая подготовка и настрой. Но это их первый выезд на такое масштабное мероприятие, они немного



переволновались. Хотя по городу и области всегда были в числе лидеров. Приятно, что по дисциплине «Разборка и сборка автомата АК-74» наши воспитанники показали лучший результат, – рассказывает преподаватель-организатор НВТП в школе № 91, председатель Федерации военно-патриотических и спортивных клубов Карагандинской области Амангельды Хасенов. – Дети очень довольны, что приняли участие. Теперь мы учтем ошибки, и в следующий раз победа непременно будет за нами.

Победу в общекомандном

зачете одержала команда «Жас кыран» из Туркестанской области. Второе место завоевали ребята из команды «Құлагер» из области Жетысу, а третье – команда «Ақжайық сарбаздар» Западно-Казахстанской области.

Все победители и призеры получили дипломы и ценные подарки. Главная цель игры – патриотическое воспитание школьников и развитие у подрастающего поколения гражданской ответственности, дисциплины и готовности к службе Родине.

Фото акимата Карагандинской области





ОПОРА АРМИИ

В настоящее время в военкоматах всех регионов страны стартовал осенний призыв. Молодые люди в возрасте от 18 до 27 лет отправятся для прохождения срочной службы в части Пограничной службы КНБ РК, Министерства обороны РК, Службы государственной охраны РК, Национальную гвардию РК.



Система отбора включает в себя множество параметров: медицинские показатели, уровень образования, психологическую и моральную устойчивость и так далее. При распределении призывников по воинским командам также будут учитываться полученные ранее специальности. А после прохождения срочной воинской службы граждане имеют право остаться в армии на контрактной основе.

Как рассказал заместитель начальника Департамента по делам обороны Карагандинской области полковник Дмитрий Буксман, оповещают призывников вручением повесток и отправкой SMS-сообщений. При получении уведомления призывники обязаны явиться в местные военкоматы по месту жительства для прохождения медицинской комиссии. Она определяет степень годности парней к срочной службе.

- Мы работаем в максимально открытом формате. Любой желающий может обратиться за необходимой информацией и получить ответы на все интересующие вопросы. Для этого в каждом департаменте по делам обороны созданы электронные почтовые ящики и официальные аккаунты в социальных сетях, - пояснил Дмитрий Буксман. - Сообщаем также, что солдаты на весь период прохождения воинской службы обеспечиваются питанием, вещевым имуществом, средствами личной гигиены и ежемесячным денежным довольствием. Им предоставляются медицинские услуги и выплачивается

компенсация за почтовые отправления.

Он подчеркнул, что в настоящее время для новобранцев предусмотрены льготы. В их числе - кредитные каникулы на время прохождения срочной службы (и на 60 дней после увольнения в запас); возможность получить высшее образование в вузах страны бесплатно; получение свидетельства государственного образца по рабочей специальности, востребованной в реальном секторе экономики.

С будущими защитниками Отечества тесно работают военные психологи. У подполковника Касиет Смагуловой открытая и искренняя улыбка, благодаря которой симпатией к ней проникается любой собеседник. Эта черта не только профессиональная, но и личная, такой жизнерадостный у нее склад характера. Она признается, что в начале карьеры вовсе не помышляла надеть погоны.

- У моих родителей, как говорится, сугубо мирные профессии: папа - инженер, мама - учитель. Однако получилось так, что все четверо их детей посвятили себя военной службе, - рассказывает сотрудник психологической службы Департамента по делам обороны Карагандинской области. - Очень ответственная задача - правильно составить разговор с молодым человеком на призывном пункте. Зачастую от вердикта психолога зависит дальнейшая служба новобранца. Наша главная задача на сегодня - это набор не для количества,

ради выполнения нормы, а качественный отбор призываемого контингента, отличающегося крепким здоровьем, хорошими знаниями и морально-психологической устойчивостью.

По ее словам, армия - это ни с чем не сравнимая



школа жизни для мужчины. Мальчишка, которого до этого опекали папа и мама, бабушки и дедушки, учится уживаться с большим количеством людей под одной крышей, развивает коммуникативные навыки, становится мужественным и сильным. Армия дисциплинирует - строгая жизнь по расписанию, беспрекословное исполнение приказов начальства, питание только в положенные часы и прочее.

Направить будущего солдата в нужное русло помогают тесты. Их секреты не раскрываются, но специалисты утверждают, что результаты показывают человека как на ладони.

Как отмечает Касиет Смагулова, новшеством нынешней призывной кампании является масштабное внедрение

новой методики отбора призывников - системы PSY-РИСК, направленной на раннее выявление склонности к суицидальному поведению. Нововведение призвано повысить психологическую устойчивость личного состава и предотвратить трагедии в армии. Примечательно, что в настоящее время армейские психологи беседуют с молодыми людьми в гражданской одежде. Это помогает им быть менее скованными и доверительно отвечать на заданные вопросы.

Отмечается, что новая система представляет собой многоэтапный механизм психодиагностики, включающий первичный скрининг, углубленное психологическое обследование и при необходимости - психиатрическую экспертизу. Главная цель - исключить из призыва тех, кто не готов к службе в Вооруженных Силах с точки зрения психоэмоциональной устойчивости.

- Мы стремимся не просто отсеивать психологически

призыв первый. Молодой лейтенант только недавно окончил Карагандинский медицинский университет, по специальности он - врач общей практики.

- Это очень непростая и ответственная работа. От нас, я имею в виду сотрудников медицинских комиссий, зависят судьбы множества молодых людей. С одной стороны, они обязаны исполнить свой гражданский долг, а с другой - мы должны приложить все усилия, чтобы они достойно отслужили, а затем вернулись домой живыми и здоровыми, - говорит он.

В преддверии профессионального праздника своих коллег поздравил начальник Департамента по делам обороны Карагандинской области полковник Жанас Кунабаев.

- Стоит отметить, что каждый молодой человек, гражданин нашей страны, вступает во взрослую жизнь на пороге наших учреждений. После обретения независимости в местных органах военного управления был проведен ряд значительных преобразований. В настоящее время в рамках цифровизации армии подавляющая часть услуг, оказываемых военкоматами, переведены в электронный формат. Это позволяет гражданам получать все необходимые документы удаленно. Поздравляю всех с профессиональным праздником! Военнослужащим желаем успехов, счастья вашим семьям! Пусть спокойствие и единство нашего народа будут крепкими, а оборона страны - надежной, - отметил он. Всего в ходе осенней призывной кампании из Карагандинской области будет призвано свыше 1100 молодых людей.

Фархат КИНЖИТАЕВ
Фото Айдына ТОНТАЕВА





ОПЫТ НЕ УХОДИТ В ЗАПАС



убывали в свои «национальные квартиры», зарплата выдавалась с перебоями и медсестры массово уходили в коммерцию, мы искали военных казахстанцев на всем пространстве разваливавшегося Советского Союза. Я тогда

получил карт-бланш от министра обороны и всем обещал «обеспеченность жильем». В течение двух лет по распоряжению министра госпиталю было предоставлено более 20 квартир в Алматы.

Самое непосредственное участие в нашей работе принимал начальник военно-медицинского управления ВС РК, сын первого министра обороны генерал-майор медицинской службы Талгат Нурмагамбетов. Ведь все понимали, что здоровье военнослужащих – один из главных критериев боеготовности армии.

